

## Simply банктік төлем карточкасын пайдалану қағидалары

### 1. Simply төлем карточкасын қолданудың жалпы талаптары

- 1.1. Simply Digital Card төлем карточкасын (бұдан әрі - Simply төлем картасы) ұстаушы оны «ForteBank» АҚ (бұдан әрі - Банк) төлем карточкаларын беру және оларға қызмет көрсету туралы шарттың (жеке тұлғамен) (бұдан әрі – Шарт) талаптарына сәйкес пайдаланады.
- 1.2. Simply төлем картасы виртуалды төлем карточкасы болып табылады және Мобильді қосымша арқылы бірден шығарылады.
- 1.3. Simply төлем картасын шығару үшін қазақстандық теңге валютасында банктік шот ашу керек.
- 1.4. Simply төлем картасы 18 жасқа толған жеке тұлғаға, Қазақстан Республикасы резидентіне ресімделеді.
- 1.5. Simply төлем картасының ұстаушысы бір мезгілде бір ғана Simply төлем картасының иесі бола алады, қосымша карточкалар шығару көзделмеген. Бір Шарттың шеңберінде және бір күнгізбелік жылдың ішінде Simply төлем картасын 3 (үш) рет қана қайта шығаруға рұқсат етіледі. Simply төлем картасының жарамдылық мерзімі - 5 жыл.
- 1.6. Simply төлем картасының түрі - Visa Classic Debit.
- 1.7. Жылдық қызмет көрсету комиссиясы мен басқа да комиссиялар Банк тарифтеріне сәйкес төленеді.

### 2. Simply төлем картасына қызмет көрсету

- 2.1. Simply төлем картасына қызмет көрсету, техникалық мүмкіндік болған кезде және Банктің басқа да қолжетімді қашықтан қызмет көрсету арналарын қоса алғанда, Мобильді қосымшада жүзеге асырылады.
- 2.2. Simply төлем картасын келесі әдістермен толтыруға болады:
  - кез-келген басқа төлем карточкасынан аудару арқылы,
  - Банктің банкоматтарында Cash-in функциясы арқылы қолма-қол ақшаны есепке алу арқылы,
  - Банк терминалдарында қолма-қол ақшаны есепке алу арқылы,
  - Simply өнімінің банктік шотына қолма-қол ақшасыз тәсілмен аудару арқылы,
  - төлем жасауға банктік шоттағы ақша жетпеген жағдайда, «КаР-Тел» ЖШС байланыс операторының абоненті (ТМ Beeline) болып табылатын Simply төлем картасын ұстаушының жеке шотындағы ақшаны пайдаланып, банктік шотты толтыру арқылы.
- 2.3. Simply төлем картасы арқылы қолма-қол ақшаны шешіп алуға болады:
  - Банктің банкоматтарында, Cash by code қызметін қоспағанда,
  - басқа банктердің банкоматтарында,
  - Банк бөлімшесі арқылы банктік шоттан. Бұл ретте, басқа қызмет көрсету арналары арқылы қызмет көрсету мүмкіндігі болмаған кезде, Банк бөлімшелерінде Simply төлем картасына қызмет көрсетіледі.
- 2.4. Техникалық мүмкіндік болған кезде, Банктің басқа қолжетімді қашықтықтан қызмет көрсету арналарын қоса алғанда, Мобильді қосымшада Simply төлем картасын қайта шығару, бұғаттау, бұғатты шешу, жабу қызметтері жүзеге асырылады.
- 2.5. «КаР-Тел» ЖШС (ТМ Beeline) байланыс операторының абоненттері болып табылатын Simply төлем картасын ұстаушылар үшін, Мобильді қосымша арқылы алынған олардың келісімі бойынша және Банкте техникалық мүмкіндік болған кезде, «КаР-Тел» ЖШС (ТМ Beeline) байланыс операторы жүйесіндегі жеке шотқа байланыс қызметтері үшін аванс ретінде салынған ақшаны Пайдалану сервисі ұсынылады, яғни Ұстаушының банктік шотында ақша қалдығы жеткіліксіз болған жағдайда және Ұстаушы бастамашылық еткен кезде, төлемді/немесе аударымды жүзеге асыру үшін, оның байланыс қызметтері үшін аванс ретінде жеке шотқа салынған ақшасы Ұстаушының банктік шотына аударылады.
- 2.6. Ұстаушының «КаР-Тел» ЖШС (ТМ Beeline) байланыс операторы жүйесіндегі жеке шотына байланыс қызметтері үшін аванс ретінде енгізілген ақшаны Пайдалану сервисі - Forte карталарына және басқа банктерге аударымдар жасау операциялары және Forte App мобильдік қосымшасында жүзеге асырылатын Simply карталарынан жасалатын төлем операциялары үшін қолжетімсіз.
- 2.7. Сомаларға дау айту, операция түрлері бойынша лимиттерді/шектеулерді белгілеу/өзгерту үшін Мобильді қосымша арқылы өтініш нысанын толтыру және ұсыну керек.

2.8. Үшінші тұлғалардың шотқа қойған талаптары негізінде банктік шоттарға қойылған шектеулерді шешу мәселесі бойынша Банктің Байланыс орталығының «7575» нөміріне жүгінуге болады.

2.9. Лимиттер мен шектеулер, бонустар, анықтамалар, хаттар бойынша ақпарат алуды қоса алғанда, Simply төлем картасы бойынша консультация алу, операциялық сүйемелдеу мәселелері бойынша өтініш беру қызметтері - Мобильді қосымшадағы «Бізге хабарласу» жеке кабинеті арқылы қолжетімді.

2.10. Simply төлем картасымен жасалатын операциялардың тарифтері туралы, сондай-ақ бонустар, лимиттер/шектеулер бойынша ақпарат <https://forte.kz> және <https://www.simply.cards> Интернет-ресурстарында орналастырылған.

2.11. Simply төлем картасына қызмет көрсетудің осы Қағидаларда сөз болмаған өзге ережелері мен талаптарына келер болсақ, Simply төлем картасын ұстаушы бұл ретте Шарттың қолданыстағы қағидаларына сүйенеді. Simply төлем картасы бойынша жеке лимиттер мен шектеулерді алып тастау/өзгерту осы Өнім үшін белгіленген шектерде жүзеге асырылады.

2.12. Simply төлем картасын ұстаушы авторизациялық кодтың құпиясын қамтамасыз етуге, авторизациялық код туралы ақпаратты Банк қызметкерлерін қоса алғанда, үшінші тұлғаларға жария етпеуге міндетті. Авторизациялық кодты және/немесе код сөзді телефон жазбаларына немесе үшінші тұлғалар оңай көретін басқа да дереккөздерге жазуға тыйым салынады.

2.13. Simply төлем картасын ұстаушы Мобильді қосымшаның логинін, код сөзді және авторизациялық кодты үшінші тұлғаларға пайдалануға бермеуі тиіс. Деректерді біреуге пайдалануға берген жағдайда, Simply төлем картасын пайдалана отырып жұмсалған барлық ақша қаражаты міндетті түрде Simply төлем картасын ұстаушының мойнына салынатын болады.

2.14. Simply төлем картасын ұстаушы Мобильді қосымша орнатылған мобильді құрылғысын жоғалтқан немесе ұрлатып алған жағдайда, дереу [simplycard@kazeuromobile.kz](mailto:simplycard@kazeuromobile.kz) электрондық адресіне жазбаша өтінішпен жүгінуге немесе «7575» нөмірі бойынша «Forte Bank» АҚ Байланыс орталығына хабарласуы керек.

2.15. Банк Қағидаларға біржақты тәртіпте өзгерістер/толықтырулар енгізуге және ол туралы ақпаратты <https://forte.kz> және/немесе <https://www.simply.cards> Интернет-ресурстарында орналастыру арқылы Simply төлем картасын ұстаушысын кейіннен хабардар етуге құқылы.